Thinking of you
Electrolux

EOB96631

KK БУ ПЕШІ	ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАРЫ	2
RU ДУХОВОЙ ШКАФ С ФУНКЦИЕЙ ПАРА	ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ	39

МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ 3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ 4
3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ 6
4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН 7
5. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ 7
6. САҒАТ ФУНЦИЯЛАРЫ 10
7. КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ 12
8. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР 17
9. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР 18
10. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ 30
11. НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР... 35
12. ТЕХНИКАЛЫҚ СИППАТАМА 37
13. ОРНАТУ 37

СІЗ ОЙЫМЫЗДА БОЛДЫҢЫЗ

Electrolux құрылғысын сатып алғаныңызға рахмет. Сіз ондаған жылдар бойғы кәсіби тәжірибе мен инновацияға сүйеніп жасалған құрылғыны таңдадыңыз. Тапқырлықтың туындысы болған, көз тартарлық бұл құрылғыны жасау барысында сіз ойымызда болдыңыз. Сондықтан, қолданған сайын тамаша нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға сенімді болыңыз.

Electrolux әлеміне қош келдіңіз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:

Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.electrolux.com

Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.RegisterElectrolux.com

Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.electrolux.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА КӨМЕК, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.
Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз. Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан табуға болады. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі

⚠ Ескерту / Абайлаңыз - Қауіпсіздік туралы маңызды мағлұмат.

ℹ Жалпы мағлұматтар менен кеңестер

Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе мүгедек болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқан балалар және кемтар, сезім немесе ой-қабілетіне нұқсан келген адамдар немесе тәжірибесі немесе білімі аз адамдар, өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның бақылауында болса пайдалана алады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз. 3 жасқа толмаған балаларды құрылғының қасына қараусыз қалдыруға болмайды.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ол суып тұрғанда, балалар мен үй жануарларын оған жақындатпаңыз. Қолжетімді бөлшектері ыстық болады.
- Егер құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынаыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Осы құрылғыны орнату және сымды ауыстыру жұмысын тек білікті маман ғана орындауға тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының ішкі жағы ысып кетеді. Құрылғының ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол

тигізбеңіз. Керек-жарақтарды немесе ыдыстарды алып-салған кезде үнемі қолғап киіңіз.

- Құрылғыны бумен тазалау құралын пайдаланып тазаламаңыз.
- Күтім көрсетер алдында электр желісінен ажыратыңыз.
- Шыны есікті тазалау үшін қатты жеміргіш заттарды немесе өткір темір құралдарды пайдаланбаңыз, себебі сызат түсіп, шыны шытынап кетуі мүмкін.
- Осы құрылғыға ғана арналған ішкі температура сенсорын пайдаланыңыз.
- Сөре сырғытпаларын алу үшін әуелі сөре сырғытпасының алдыңғы жағын, содан кейін артқы жағын бүйірлік қабырғадан тартыңыз. Сөре сырғытпаларын әрекеттерді керісінше орындап салыңыз.
- Егер қуат сымына зақым келген болса, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті техник немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Электр қатеріне ұшырамау үшін шамды ауыстырар алдында құрылғыны сөндіріп қойыңыз.

2. ⚠ ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Бұл құрылғыны тек білікті маман ғана орнатуға тиіс.

- Орам материалдарының барлығын алыңыз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум қашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғының үсті мен жан-жағын қоршаған конструкциялардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғының жан-жағын биіктігі осы құрылғының биіктігімен бірдей құрылғылармен жанастырып қою керек.

Электртоғына қосу

⚠ **Назарыңызда болсын!**
Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Электртоғына қосу жұмыстарын білікті электрші ғана іске асыруға тиіс.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі

параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.

- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Зақым келген электр сымын ауыстырту үшін қызмет көрсету орталығына немесе электршіге хабарласыңыз.
- Электр сымдарын құрылғының есігіне, әсіресе ыстық тұрған есікке тигізуге болмайды.
- Тоққа қосулы тұрған және оқшаулағышы бар бөлшектердің электр қатерінен сақтандырғышын, саймансыз алынбайтын етіп бекітіп қою керек.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер розетка босап тұрса, оған ашаны сұқпаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Дұрыс оқшаулағыш құралдарды ғана қолданыңыз. желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырғыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.
- Электр жүйесі құрылғыны кез келген полюсте ажыратуға мүмкіндік беретін оқшаулағыш құралмен жабықталуға тиіс. Оқшаулағыш құралдың контакт ара қашықтығы кем дегенде 3 мм болуға тиіс.

2.2 Пайдалану

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу, күйіп қалу немесе электр тоғының қатеріне ұшырау немесе жарылыс шығу қаупі бар.

- Бұл тұрмыста қолдануға арналған құрылғы.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Желдеткіш саңылаулардың бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын тоқтан ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін ашқан кезде абай болыңыз. Ыстық ауа шығуы үмкін.
- Құрылғыны су қолмен іске қоспаңыз немесе суға тиіп тұрған құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Ашық тұрған құрылғы есігіне күш салмаңыз.
- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін үнемі жабық ұстаңыз.
- Құрылғының есігін абайлап ашыңыз. Алкоголь қосылған қоспаларды қолданғанда, ауа мен алкоголь қоспасы пайда болуы мүмкін.
- Есікті ашқан кезде құрылғыға от жарқылын немесе ашық отты жақындатпаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.

Назарыңызда болсын!
Құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін.

- Құрылғының эмаль қаптамасы бүлініп немесе өңі кетпес үшін:

  – пештің ыдыстарын немесе басқа заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз.

  – алюминий жұқалтырды құрылғының табанына тура қоймаңыз.

  – ыстық суды құрылғының ішіне тура қоймаңыз.

  – тамақ пісіріп болғаннан кейін дымқыл ыдыстарды және тағамды құрылғының ішінде ұстамаңыз.

  – керек-жарақтарды алып-салған кезде абай болыңыз.
- Құрылғының эмаль қаптамасының түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді. Бұл кепілдік заңына сәйкес қарастырылатын ақаулық емес.
- Сұйық қоспадан жасалатын тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз. Жеміс шырындарынан кетпейтін дақ қалуы мүмкін.

Буға пісіру

Назарыңызда болсын!
Күйіп қалу және құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Тағамды буға пісіру кезінде құрылғының есігін ашпаңыз. Бу шығып кетуі мүмкін.

2.3 Күту менен тазалау

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу, өрт қаупі және құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз. Шыны панелі сынып қалуы мүмкін.
- Есіктің шыныларына зақым келсе дереу ауыстырыңыз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының есігін алған кезде абай болыңыз. Есіктің салмағы ауыр!
- Құрылғының қаптамасының сапасы түспес үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз.
- Құрылғының ішінде қалған майдың немесе тағамның қалдығынан өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.
- Тұмшапеш бүріккішін қолдансаңыз, оның орамында көрсетілген сақтық шараларын орындаңыз.
- Каталитті эмаль қаптаманы (егер бар болса) ешбір жуғыш затпен тазаламаңыз.

2.4 Ішкі жарық шамы

- Осы құрылғыда тұрмыстық құрылғыларға ғана арналған жарықтама шам немесе галоген шамы қолданылған. Оны бөлмені жарықтандыру үшін қолданбаңыз.

Назарыңызда болсын!
Электр қатеріне ұшырау қаупі бар.


- Шамды ауыстырар алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.
- Техникалық параметрлері сай келетін шамдарды ғана қолданыңыз.

2.5 Құрылғыны тастау

Назарыңызда болсын!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.

3. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ



1 Тұмшапеш функциясын басқару тетігі
2 Электрондық бағдарламалағыш
3 Температураны басқару тетігі
4 Су тартпасы
5 Гриль
6 Ішкі температура сенсорлық құралының розеткасы
7 Тұмшапештің шамы
8 Желдеткіш
9 Сөренің алмалы сырғытпалары
10 Су төгетін түтік
11 Су төгетін түтіктің клапаны
12 Техникалық ақарат тақтайшасы
13 Сөре деңгейлері
14 Бу жіберетін түтікше

3.1 Тұмшапештің керек-жарақтары

- **Сымтемір тор**

  Ыдыс, торт қалыптарын қою, тағам қуыруға арналған.
- **Пісірме табақ**

  Торттар мен печеньелерге арналған.
- **Гриль- / Қуыру науасы**

  Пісіру мен қуыруға немесе май жинайтын таба ретінде қолдануға арналған.
- **Ішкі температура сенсоры**

  Тағамның қаншалықты піскенін тексеруге арналған.
- **Сырғытпа жолдар**

  Сөрелер мен науаларға арналған.

4. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

4.1 Алғашқы тазалау

- Керек-жарақтарының барлығын және алмалы сөре сырғытпаларын (бар болса) алыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз.

"Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.

4.2 Тәулік уақытын орнату

Бейнебетте **hr** және **12:00** көрсетіледі. **12** жыпылықтайды.

1. Дұрыс сағатты орнату үшін **+** немесе **-** түймешігін басыңыз.
2. ⏲ түймешігін басып растаңыз. Бұл әрекетті уақытты бірінші рет орнатқан кезде ғана орындау қажет. Содан кейін жаңа уақыт мәні бес секундтан кейін автоматты түрде сақталады.

   Бейнебетте **min** және орнатылған сағат мәні көрсетіледі. **00** жыпылықтайды.
3. Дұрыс минутты орнату үшін **+** немесе **-** түймешігін басыңыз.
4. ⏲ түймешігін басып растаңыз. Бұл әрекетті уақытты бірінші рет орнатқан кезде ғана орындау қажет. Содан кейін жаңа уақыт мәні бес секундтан кейін автоматты түрде сақталады.

   Бейнебетте жаңа уақыт пайда болады.

Тәулік уақытын өзгерту

Тәулік уақытын құрылғы сөніп тұрса ғана өзгерте аласыз.

⏲ түймешігін бейнебетте тәулік уақытының индикаторы 🕘 жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз. Жаңа уақытты орнату үшін "Тәулік уақытын орнату" тарауындағы әрекеттерді орындаңыз.

4.3 Алдын ала қыздыру

Қалған майды күйдіріп жіберу үшін бос құрылғыны алдын ала қыздырыңыз.

1. ▭ функциясы мен ең үлкен температураны орнатыңыз.
2. Құрылғыны 45 минут қосып қойыңыз.
3. ⍟ функциясы мен ең үлкен температураны орнатыңыз.
4. Құрылғыны 15 минут қосып қойыңыз.

Керек-жарақтар бұрыңғыдан да ыстық болып тұруы мүмкін. Құрылғыдан иіс және түтін шығады. Бұл қалыпты жағдай. Ауаның жеткілікті түрде айналып тұрғанына көз жеткізіңіз.

5. ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

Құрылғыны іске пайдалану үшін тетікті басыңыз. Тетік бері шығады.

5.1 Құрылғыны іске қосу және сөндіру

1. Тұмшапеш функцияларының тетігін тұмшапеш функциясына бұраңыз.
2. Температураны орнату үшін температура тетігін бұраңыз.
3. Құрылғыны сөндіру үшін, тұмшапеш функцияларының тетігін "сөндірулі" қалпына бұраңыз.

5.2 Тұмшапеш функциялары

Тұмшапеш функциясы		Қолданылуы
0	Сөндіру қалпы	Құрылғы сөндірулі.
	Жылдам қыздыру	Қыздыру уақытын азайтуға арналған.
	Ыстық желмен пісіру	Пісіру температуралары бірдей тағамды бірнеше сөреге қойып, иістерін сіңірмей қуыру немесе қуырып-пісіруге арналған.
	Пицца параметрі	Пицца, киш немесе бәліш пісіруге арналған.
	Дәстүрлі пісіру	Тұмшапештің бір деңгейінде пісіру және қуыру үшін. Үстіңгі және астыңғы қыздыру элементтері бір уақытта іске қосылады.
	Астыңғы қызу	Торттың астыңғы қыртысын кіртілдек етіп пісіруге арналған. Астыңғы қыздыру элементі ғана жұмыс істейді.
	Жібіту	Мұздатылған тағамды жібітуге арналған.
	Гриль жасау	Жайпақ тағамды аз мөлшерде сөренің ортасында қақтауға арналған. Тост жасауға арналған.
	Жылдам гриль жасау	Жалпақ етіп дайындалған тағамдарды көп мөлшерде қақтауға арналған. Тост жасауға арналған. Толық гриль элементі жұмыс істейді.
	Турбо гриль	Еттің үлкен кесектерін пісіруге арналған. Гриль элементі мен тұмшапештің желдеткіші кезек-кезек іске қосылып, ыстық ауаны тағамның айналасына таратады.
	Ыстық желдеткіш + Бу	Тағамдарды булауға арналған.

5.3 Жылдам қыздыру функциясы

Жылдам қыздыру функциясы, қыздыру уақытын азайтады.

1. Жылдам қыздыру функциясын іске қосыңыз. Тұмшаеш функцияларының кестесіне қараңыз.
2. Температураны орнату үшін температура тетігін + / — қалпына бұраңыз.
3. Құрылғы орнатылған температураға жеткен кезде дыбыстық сигнал естіледі.

   Дыбыстық сигнал естілгеннен кейін соңғы жылдам қыздыру функциясы сөндірілмейді. Функцияны қолмен сөндіруіңіз керек.
4. Тұмшапештің функциясын орнатыңыз.

5.4 Бейнебет

1 Таймер
2 Қыздыру және қалдық қызу индикаторы
3 Су сауыты (кей үлгілерде ғана бар)
4 Ішкі температура сенсоры (таңдаулы үлгілерде ғана)
5 Есіктің бекітпесі (таңдаулы үлгілерде ғана бар)
6 Сағат / минут
7 Сағат фунциялары



5.5 Түймешіктер

Түймешік	Функция	Сипаттама
	Сағат	Сағат функциясын орнатуға арналған.
—, +	Минус, плюс	Уақытты орнатуға арналған.
	Минут операторы	Минут операторын баптауға арналған. Тұмшапештің шамын жағу немесе сөндіру үшін осы түймешікті 3 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.
°C	Температура	Тұмшапештің немесе тағамның ішкі температурасының сенсорының температурасын тексеруге арналған (бар болса). Тұмшапеш функциясы қосулы тұрғанда ғана қолданыңыз.

5.6 Қыздыру және қалдық қызу индикаторы

Тұмшапеш функциясын іске қосқан кезде бейнебеттегі жолақтар жанады. Жолақтар тұмшапеш температурасының көбейгенін немесе азайғанын көрсетеді.
Егер тұмшапештің ішіндегі температура 40 °C градустан артық болса, құрылғыны сөндірген кезде, бейнебетте қалдық қызу индикаторы көрсетіледі. Тұмшапеш температурасын бейнебетке шығару үшін температура тетігін солға немесе оңға бұраңыз.

5.7 Буға пісіру

1. функциясын орнатыңыз.
2. Су тартпасын ашу үшін оның қақпағын басыңыз. Су тартпасын "Сауыт толы" индикаторы жанғанша суға толтырыңыз. Сауыттың ең үлкен сыйымдылығы 900 мл. Бұл шамамен 55 - 60 минут пісіруге жетеді.

Сұйық ретінде тек суды ғана пайдаланыңыз. Сүзгіден өткізілген (минералы тазартылған) немесе тазартылған суды пайдаланбаңыз. Басқа сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
Тұтанғыш немесе алкоголі бар сұйықтықтарды (граппа, виски, конъяк т.с.с.) су тартпасына құюға болмайды.

3. Су тартпасын бастапқы орнына қойыңыз.
4. Тағамды дұрыс ыдысқа салып пісіріңіз.
5. Температураны 130 °C және 230 °C аралығына қойыңыз. Температура 230 °C градустан жоғары болса, бумен пісіру жақсы нәтиже бермейді.
6. Буға пісіріп болғаннан кейін су сауытын босатыңыз.

Назарыңызда болсын!
Ыстық желдеткішпен пісіру + Буға пісіру функциясын пайдаланып болған сайын, су жіберетін клапаннан ыстық су ағып кетпес үшін кем дегенде 60 минут күтіңіз.

5.8 Су сауытының индикаторы

Бумен пісіру режимі жұмыс істегенде, дисплейде су сауытының индикаторы көрсетіледі. Су сауытының индикаторы сауаттағы судың деңгейін көрсетеді.


- — Судың сауыты суға толы. Сауыт толы болса дыбыстық сигнал естіледі.
- — Судың сауыты жартылай толы.
- — Судың сауыты бос. Сауытқа су құю қажет болған кезде дыбыстық сигнал естіледі.

Егер сауытқа өте көп су құйсаңыз, қауіпсіздік түтігі артық суды тұмшапештің табанына ағызады. Суды жөкемен немесе шүберекпен тазалаңыз.

5.9 Су сауытын босату

Су сауытын босатпай тұрып құрылғының салқын тұрғанына көз жеткізіңіз.

1. Пайдаланушы нұсқаулығы салынған қалтадағы су төгетін түтікті (C) дайындап алыңыз. Су төгетін түтіктің бір ұшына жалғастырғышты (B) салыңыз.



2. Су төгетін түтіктің екінші ұшын (C) сауытқа салыңыз. Оны су төгетін түтік клапанының (A) деңгейінен төмен орнатыңыз.
3. Тұмшапештің есігін ашыңыз да, жалғастырғышты (B) су төгетін клапанға (A) салыңыз.
4. Су сауытын босатқан кезде жалғастырғышты қайта-қайта итеріңіз.
5. Су ақпай тоқтаған кезде жалғастырғышты клапаннан алыңыз.

Назарыңызда болсын!
Су сауытын қайта толтыру үшін сауытты босатқан кезде жиналған суды пайдаланбаңыз.

Дисплейде белгісі көрсетілген кезде сауытта шамалы су тұруы мүмкін. Су төгетін түтік клапанынан ағып жатқан су тоқтағанша күтіңіз.

6. САҒАТ ФУНЦИЯЛАРЫ

Белгіше	Функция	Сипаттама
	Минут операторы	Кері санақ уақытын орнатуға арналған.

Белгіше	Функция	Сипаттама
	Тәулік уақыты	Тәулік уақытын орнатуға, өзгертуге немесе қарауға арналған. "Тәулік уақытын орнату" тарауын қараңыз.
|→|	Ұзақтық	Құрылғының жұмыс жасау уақытының ұзақтығын орнатуға арналған. Бұл функцияны орнатар алдында тұмшапеш функциясын орнату керек.
→|	Аяқтау	Құрылғының сөндірілетін уақытын орнатуға арналған. Бұл функцияны орнатар алдында тұмшапеш функциясын орнату керек. Ұзақтық және Аяқтау функцияларын құрылғының іске қосылатын, содан кейін сөнетін уақыттарын орнату үшін бір уақытта (Уақытты кешіктіру) пайдалануға болады.

Сағат функциясын өзгерту үшін түймешігін қайта-қайта басыңыз.

Сағат функцияларының параметрін растау үшін түймешігін басыңыз немесе параметр автоматты түрде құпталғанша 5 секунд күтіңіз.

6.1 Ұзақтық немесе Аяқтау функциясын орнату

1. түймешігін бейнебетте |→| немесе →| белгісі жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
2. Минут мәндерін орнату үшін **+** немесе **-** түймешігін басыңыз.
3. түймешігін басып растаңыз.
4. Сағатты қою үшін **+** немесе **-** түймешігін басыңыз.
5. түймешігін басып растаңыз.
6. Орнатылған уақыт аяқталған кезде |→| немесе →| белгісі мен орнатылған уақыт жыпылықтайды. Дыбыстық сигнал екі минут естіледі. Құрылғы сөнеді. Сигналды тоқтату үшін түймешікті басыңыз.
7. Тұмшапештің функция тетігін "сөндіру" қалпына қойыңыз.

Егер түймешігін Ұзақтық |→| параметрінің уақытын орнатып жатқанда бассаңыз, құрылғы Аяқтау →| параметріне ауысады.

6.2 Минут операторын орнату

Кері санақ уақытын орнату үшін қолданыңыз. Ең көбі 23 сағат 59 минутқа қоюға болады. Бұл функция тұмшапештің жұмысына ешбір әсер етпейді. Минут операторын кез келген уақытта, тіпті құрылғы сөніп тұрса да орнатуға болады.

1. түймешігін басыңыз. Дисплейде және **00** жыпылықтайды.
2. Минут операторын орнату үшін **+** немесе **-** түймешігін басыңыз. Әуелі уақыт минут және секунд бойынша есептеледі. Орнатылған уақыт 60 минуттан көп болса бейнебетте **hr** белгісі көрсетіледі. Құрылғы содан кейін уақытты сағат пен минут бойынша есептейді.
3. Минут операторы бес секундтан кейін автоматты түрде іске қосылады.

Орнатылған уақыттың 90% өткен кезде дыбыстық сигнал естіледі. Сигналды тоқтату үшін түймешікті басыңыз.

4. Орнатылған уақыт аяқталған кезде, екі минут бойы дыбыстық сигнал естіледі. Дисплейде **00:00** және жыпылықтайды. Сигналды тоқтату үшін түймешікті басыңыз.

Ұзақтық немесе Аяқтау функциясы жұмыс істеп тұрғанда Минут операторын орнатсаңыз, дисплейде көрсетіледі.

6.3 Санақ таймері

Құрылғының жұмыс істеу уақытын бақылау үшін Санақ таймерін пайдаланыңыз. Бұл функция құрылғы қыза бастаған бетте дереу іске қосылады.
Санақ таймерін бастапқы қалпына қою үшін **+** және **-** түймешігін басып ұстап тұрыңыз. Таймер қайта санай бастайды.

Санақ таймерін Ұзақтық |→| немесе Аяқтау →| функциясы жұмыс істеп тұрғанда қолдана алмайсыз.

7. КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Назарыңызда болсын!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

7.1 Ішкі температура сенсоры


Ішкі температура сенсоры еттің ішкі температурасын өлшейді. Еттің температурасы орнатылған температураға жеткенде құрылғы сөнеді.

Екі түрлі температураны орнату керек:

- Тұмшапештің температурасы. Қуыру кестесіне қараңыз.
- Ішкі температура. Ішкі температура сенсорының кестесіне қараңыз.

Құрылғымен бірге жеткізілген ішкі температура сенсорын ғана немесе фирмалық қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз.

1. Тұмшапештің функциясы мен температурасын орнатыңыз.
2. Ішкі температура сенсорының ұштығын (сабында белгісі бар) еттің ортасына шаншыңыз.



3. Ішкі температура сенсорының ашасын, құрылғының алдындағы розеткаға сұғыңыз. Бейнебетте ішкі температура сенсорының белгісі мен әдепкі ішкі температура көрсетіледі. Ішкі температура сенсорын бірінші рет пайдаланған кезде әдепкі ішкі температура 60 °C градусқа тең болады.
4. жыпылықтап тұрған кезде әдепкі ішкі температураны тетікті пайдаланып өзгертуге болады.
5. Жаңа ішкі температураны сақтау үшін түймешігін басыңыз немесе параметр автоматты түрде сақталғанша 10 секунд күтіңіз. Ішкі температура сенсорын келесі жолы пайдаланған кезде жаңадан орнатылған әдепкі ішкі температура көрсетіледі.
6. Тағам пісіру барысында ішкі температура сенсорының етке салынып, розеткаға қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
7. Еттің температурасы орнатылған ішкі температураға жеткен кезде, ішкі температураның белгісі мен ішкі температура сенсоры жыпылықтайды. Дыбыстық сигнал екі минут бойы естіледі. Дыбыстық сигналды тоқтату үшін түймешікті басыңыз немесе құрылғының есігін ашыңыз.
8. Ішкі температура сенсорының ашасын розеткадан суырыңыз. Етті құрылғыдан алыңыз.
9. Құрылғыны сөндіріңіз.

Құрылғы ұзақтық параметрін ең алғаш рет болжап есептеген кезде бейнебетте - жыпылықтайды. Есептеу аяқталған кезде бейнебетте тағам пісіру уақытының ұзақтығы көрсетіледі. Тағам пісіріп жатқан кезде уақыт есептеліп тұрады да, егер қажет болса, ұзақтық параметрі де бейнебетте жаңартылып тұрады.


Тағам пісіріп жатқан кезде ішкі температураны кез келген уақытта өзгертуге болады.

1. °C түймешігін басыңыз:
   – Бір рет - бейнебетте орнатылған ішкі температура көрсетіліп, ол 10 секунд сайын ағымдық ішкі температураға ауысып тұрады.


– Екі рет - бейнебетте тұмшапештің ағымдық температурасы көрсетіліп, ол 10 секунд сайын тұмшапеште орнатылған температураға ауысып тұрады.
– Үш рет - бейнебетте тұмшапештің орнатылған температурасы көрсетіледі.

2. Температураны өзгерту үшін температура тетігін пайдаланыңыз.

7.2 Сырғытпа жолдар



1. Оң және сол жақ сырғытпа жолдарды тартып шығарыңыз.



2. Тор сөрені сырғытпа жолдарға қойыңыз да, құрылғыға абайлап итеріңіз.

   Тұмшапештің есігін жабар алдында, сырғытпа жолдардың құрылғыға әбден кіргізілгеніне көз жеткізіңіз.

Сырғытпа жолдарды орнату нұсқауларын кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.


Сырғытпа жолдардың көмегімен сөрелерді оңай алып-салуға болады.

Сақтандыру туралы ескерту!
Сырғытпа жолдарды ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Сырғытпа жолдарды майламаңыз.


7.3 Буға пісіруге арналған керек-жарақ

Буға пісіруге арналған керек-жарақтар құрылғымен бірге жеткізіледі. Қосымша ақпаратты жергілікті жабдықтаушыдан алыңыз.


Буға пісіру функцияларында пайдаланылатын диеталық тағам пісіру ыдысы




- Шыны шара (A)




- Қақпақ (B)




- Инжектор түтікше (C)




- Тура булап пісіруге арналған инжектор (D)



- Темір тор (E)




Ыдыс шыны шарадан, инжектор түтікшесіне (C) арналған тесігі бар қақпақтан және пісірме табақтың астына салуға арналған темір тордан тұрады.




Инжектор және инжектор түтікшесі. “C” - бумен пісіруге арналған инжектор түтікшесі, “D” - тура булап пісіруге арналған инжектор.

Диеталық тағам пісіру ыдысын пайдаланып буға пісіру



Тағамды пісірме табақтағы темір торға салыңыз да, қақпағын жабыңыз. Инжектор түтікшесін диеталық тағам пісірілетін табақтағы арнайы ұяшыққа кіргізіңіз. Пісірме табақты астынан санағанда екінші деңгейге қойыңыз. Инжектор түтікшесінің екінші ұшын бу шығатын тесікке ("Бұйым сипаттамасы" тарауын қараңыз).
Инжектор түтікшені жаншып немесе тұмшапештің үстіндегі қыздырғыш элементке тигізіп алмас үшін абай болыңыз. Тұмшапешті бумен пісіру функциясына қойыңыз.


Буға тура пісіру



Тағамды пісірме табақтың ішіне қойылған темір торға салыңыз. Шамалы су қосыңыз. Инжекторды (D) инжектор түтікшесіне салыңыз (C). Екінші ұшын бу шығатын тесікке жалғаңыз.

Ыдыстың қақпағын пайдаланбаңыз.


Тауық, үйрек, күркетауық, кішкене немесе үлкен балық тәрізді тағамды пісіргенде, инжекторды (D) еттің ашық жағына тура кіргізіңіз. Тесіктерінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.




Пісірме табақты астынан санағанда бірінші немесе екінші деңгейге қойыңыз. Инжектор түтікшені жаншып немесе тұмшапештің үстіндегі қыздырғыш элементке тигізіп алмас үшін абай болыңыз. Тұмшапешті бумен пісіру функциясына қойыңыз.
Буға пісіру режиміне қатысты қосымша ақпаратты "Ақыл-кеңес" тарауындағы буға пісіру кестелерінен қараңыз.

Инжектор түтікше тағам пісіруге арналған және оның құрамында ешбір зиянды зат жоқ.


Тұмшапеш жұмыс істеп тұрғанда инжекторды абайлап пайдаланыңыз. Тұмшапеш ыстық тұрғанда инжекторды әрқашан қолғап киіп ұстаңыз. Буға пісіру функциясын пайдаланбайтын кезде инжекторды тұмшапештен үнемі алып қойыңыз.




Ыстық ыдысты суық / дымқыл жерлерге қоймаңыз.



Суық сұйықтықтарды ыстық пісірме табаққа құймаңыз.



Пісірме табақтарды ыстық пісіру алаңдарына қоймаңыз.



Пісірме табақты түрпілі, жеміргіш заттармен және ұнтақтармен тазаламаңыз.

8. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАР

8.1 Бала қауіпсіздігінің құлпы

Бала қауіпсіздігінің құралы қосулы тұрса, тұмшапешті пайдалану мүмкін емес. Бұл функция балалар құрылғыны байқаусызда қосып қоюға жол бермеу үшін қажет.

Бала қауіпсіздігінің құралы функциясын іске қосу және ажырату:

1. Тұмшапеш функциясын орнатпаңыз.
2. ⏲ және **+** түймешігін екі секунд қатар басып ұстап тұрыңыз.
3. Дыбыстық сигнал естіледі. Дисплейде **SAFE** жанады немесе сөнеді (Бала қауіпсіздігінің құралын іске қосқанда немесе сөндіргенде).

8.2 Функция бекітпесі

Пиролит функциясы бар үлгілерде қолдануға болады.

Функция бекітпесі тұмшапеш функциясының кездейсоқ өзгеріп кетуіне жол бермейді. Функция бекітпесі функциясын тек құрылғы жұмыс істеп тұрғанда ғана іске қоса аласыз.

Функция бекітпесі функциясын қосу және ажырату:

1. Құрылғыны іске қосыңыз.
2. Тұмшапеш функциясын немесе параметрін іске қосыңыз.
3. ⏲ және **+** түймешігін екі секунд қатар басып ұстап тұрыңыз.

4. Дыбыстық сигнал естіледі. Дисплейде **Loc** белгісі жанады немесе сөнеді (Функция бекітпесін іске қосқанда немесе сөндіргенде).

Тұмшапештің Пиролитпен тазалау функциясы бар болса, дисплейде есік бекітулі белгісі жанады. Функция бекітпесі қосулы тұрғанда құрылғыны сөндіруге болады. Құрылғыны сөндірсеңіз, Функция бекітпесі ажыратылады. Тетікті бұрағанда немесе түймешікті басқанда бейнебетте **Loc** жанады.

8.3 Автоматты түрде өшіру

Құрылғы біраз уақыттан кейін қауіпсіздік мақсатында автоматты түрде сөнеді:

- Егер тұмшапеш функциясы жұмыс істеп тұрса.
- Егер тұмшапештің температурасын өзгертпесеңіз.

Тұмшапештің температурасы	Сөндіру уақыты
30 - 115 °C	12.5 сағ
120 - 195 °C	8.5 сағ
200 - 245 °C	5.5 сағ
250 - ең көбі °C	3.0 сағ

Автоматты түрде сөндіргеннен кейін құрылғыны қайта іске қосу үшін түймешікті басыңыз.

Автоматты түрде сөндіру функциясы тұмшапештің Ұзақтық, Аяқтау, Кешіктіріп бастау, Ішкі температура сенсоры функцияларынан басқа функциялардың барлығында жұмыс істейді.

8.4 Желдеткіш

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, құрылғының беттерін салқын ұстау үшін желдеткіш автоматты түрде қосылады. Құрылғыны сөндірсеңіз, желдеткіш құрылғының температурасы салқындағанша жұмыс істеп тұра береді.

8.5 Қауіпсіздік термоэлементі

Құрылғыны дұрыс пайдаланбаған кезде немесе құралас бөлшектерінде ақау бар болса, қатты қызып кету қаупі орын алады. Бұндай жағдайдың алдын алу үшін тұмшапеш қуаттың берілуін тоқтататын термоэлементпен жабдықталған. Температура төмендеген кезде тұмшапеш қайтадан автоматты түрде іске қосылады.

9. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР

9.1 Есіктің ішкі жағы

Кей үлгілердің есігінің ішкі жағында келесі деректер болады:

- Сөре қоюға болатын қатарлардың саны.
- Қыздыру функциялары туралы ақпарат, белгілі тағамдар үшін ұсынылатын сөре деңгейлері мен температура мәндері.

Кестелердегі температура мен пісіру уақыттары тек нұсқау ретінде беріледі. Олар рецептерге, олардың құрамының сапасы мен мөлшеріне байланысты болады.

- Құрылғының сөре қойылатын бес деңгейі бар. Сөренің деңгейлерін құрылғының астыңғы жағынан бастап санау керек.
- Құрылғы ауа айналдыратын және буды үздіксіз қайта айналдырып отыратын арнайы жүйемен жабдықталған. Осы жүйенің көмегімен тағамды булы ортада, ішін жұмсақ және сыртын күтірлек етіп пісіруге болады. Бұл пісіру уақыты мен пайдаланылатын қуат мөлшерін барынша азайтады.
- Құрылғының ішіне немесе есіктің шыны панельдеріне бу жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тағам пісіріп жатқанда құрылғы есігін ашу қажет болса, үнемі артқа шегініп барып ашыңыз. Конденсат мөлшерін азайту үшін құрылғыны тағам пісірер алдында 10 минут қосыңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болған сайын оның ылғалын тазалаңыз.

- Тағам пісірген кезде заттарды құрылғының табанына қоймаңыз және құрылғының бөлшектеріне алюминий жұқалтыр жаппаңыз. Бұл пісіру нәтижесін өзгертіп, эмаль қаптамаға да нұқсан келтіруі мүмкін.

9.2 Торт пісіру

- Тұмшапештің есігін орнатылған пісіру уақытының 3/4 мөлшері өткенше ашпаңыз.
- Егер бір уақытта екі пісіру табағын пайдаланасаңыз, араларына бір бос деңгей қалдырыңыз.

9.3 Ет пен балық пісіру

- Тұмшапешке мүлдем тазаланбайтын дақ түспес үшін, өте майлы тағамды пісіргенде шұңғыл табақты пайдаланыңыз.
- Етті кесердің алдында сөлі ағып кетпес үшін шамамен 15 минут қоя тұрыңыз.
- Тағам қуырған кезде тұмшапештің іші қатты түтіндеп кетпес үшін шұңғыл табаққа шамалы су құйыңыз. Түтін жиналып қалмас үшін су таусылған сайын үстемелеп құйып отырыңыз.

9.4 Пісіру уақыттары

Пісіру уақыттары тағамның түріне, құрамына және мөлшеріне байланысты.
Бастапқыда тағам пісірген кезде пісіру үрдісін бақылап отырыңыз. Осы құрылғыны пайдаланған кезде қолданылатын ыдыстарға, рецептілерге және тағамның мөлшеріне сай келетін параметрлерді (қызу параметрі, пісіру уақыты т.с.с.) анықтап алыңыз.

9.5 Пісіру және қуыру кестесі

ТОРТТАР

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Көпіршітілген тағам рецептілері	2	170	3 (2 және 4)	160	45 - 60	Торт қалыбында
Ашыған қамыр	2	170	3 (2 және 4)	160	20 - 30	Торт қалыбында
Сарысу қосылған чизкейк	1	170	2	165	60 - 80	26 см торт қалыбында
Алма торты (Алма бәліші)	2	170	2 (сол және оң)	160	80 - 100	Тор сөреге қойылған екі 20 см торт қалыбында[1)]
Штрудель	3	175	2	150	60 - 80	Пісірме табақта
Джем тарталеткасы	2	170	2 (сол және оң)	165	30 - 40	26 см торт қалыбында
Бисквит торт	2	170	2	160	50 - 60	26 см торт қалыбында
Кристмас торты / Көп жеміс қосылған торт	2	160	2	150	90 - 120	20 см торт қалыбында[1)]

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желдеткішпен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Қара өрік торты	1	175	2	160	50 - 60	Нан қалыбында[1)]
Кішкене кекстер - бір деңгейде	3	170	3	140 - 150	20 - 30	Пісірме табақта
Кішкене кекстер - екі деңгейде	-	-	2 және 4	140 - 150	25 - 35	Пісірме табақта
Кішкене кекстер - үш деңгейде	-	-	1, 3 және 5	140 - 150	30 - 45	Пісірме табақта
Печенье / тәтті таспалар - бір деңгей	3	140	3	140 - 150	30 - 35	Пісірме табақта
Печенье / тәтті таспалар - екі деңгей	-	-	2 және 4	140 - 150	35 - 40	Пісірме табақта
Печенье / тәтті таспалар - үш деңгей	-	-	1, 3 және 5	140 - 150	35 - 45	Пісірме табақта
Меренга - бір деңгей	3	120	3	120	80 - 100	Пісірме табақта
Меренга - екі деңгей	-	-	2 және 4	120	80 - 100	Пісірме табақта[1)]
Тоқаштар	3	190	3	190	12 - 20	Пісірме табақта[1)]
Эклер - бір деңгей	3	190	3	170	25 - 35	Пісірме табақта
Эклер - екі деңгей	-	-	2 және 4	170	35 - 45	Пісірме табақта
Тарталетка	2	180	2	170	45 - 70	20 см торт қалыбында
Көп жеміс қосылған торт	1	160	2	150	110 - 120	24 см торт қалыбында
Виктория сэндвичі	1	170	2 (сол және оң)	160	50 - 60	20 см торт қалыбында

1) 10 минут алдын ала қыздырыңыз.

НАН ЖӘНЕ ПИЦЦА

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желмен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Ақ нан	1	190	1	190	60 - 70	1 - 2 бөлке, біреуі 500 г[1)]
Қарабидай наны	1	190	1	180	30 - 45	Нан қалыбында
Булочка	2	190	2 (2 және 4)	180	25 - 40	6 - 8 булочка, пісіру табағында[1)]
Пицца	1	230 - 250	1	230 - 250	10 - 20	Пісірме табақта немесе шұңғыл табақта[1)]
Шелпек	3	200	3	190	10 - 20	Пісірме табақта[1)]

1) Алдын ала 10 минут қыздырыңыз.

АШЫҚ БӘЛІШ

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желмен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Макаронды ашық бәліш	2	200	2	180	40 - 50	Қалып
Көкөністі ашық бәліш	2	200	2	175	45 - 60	Қалып
Киш лорен	1	180	1	180	50 - 60	Қалып[1)]
Лазанья	2	180 - 190	2	180 - 190	25 - 40	Қалып[1)]
Каннелони	2	180 - 190	2	180 - 190	25 - 40	Қалып[1)]

1) Алдын ала 10 минут қыздырыңыз.

ЕТ

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желмен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Сиыр еті	2	200	2	190	50 - 70	Торкөз сөреде
Шошқа еті	2	180	2	180	90 - 120	Торкөз сөреде

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желмен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Бұзау еті	2	190	2	175	90 - 120	Торкөз сөреде
Шала қуырылған ағылшын ростбифі	2	210	2	200	50 - 60	Торкөз сөреде
Орташа қуырылған ағылшын ростбифі	2	210	2	200	60 - 70	Торкөз сөреде
Жақсы қуырылған ағылшын ростбифі	2	210	2	200	70 - 75	Торкөз сөреде
Шошқаның қол омыртқасы	2	180	2	170	120 - 150	Терісі алынбаған
Шошқаның жіліншігі	2	180	2	160	100 - 120	2 дана
Қой еті	2	190	2	175	110 - 130	Қол еті
Тауық еті	2	220	2	200	70 - 85	Тұтас еті
Күркетауық еті	2	180	2	160	210 - 240	Тұтас еті
Үйрек еті	2	175	2	220	120 - 150	Тұтас еті
Қаз еті	2	175	1	160	150 - 200	Тұтас еті
Қоян	2	190	2	175	60 - 80	Кесектеп туралған
Қоян еті	2	190	2	175	150 - 200	Кесектеп туралған
Қырғауыл	2	190	2	175	90 - 120	Тұтас еті

БАЛЫҚ ЕТІ

ТАҒАМ ТҮРІ	Дәстүрлі пісіру		Ыстық желмен пісіру		Пісіру уақыты [мин]	Ескерімдер
	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]		
Бақтақ/Теңіз мөңкесі	2	190	2	175	40 - 55	3 - 4 балық
Тунец/Албырт балық	2	190	2	175	35 - 60	4 - 6 филе

9.6 Гриль жасау

Бос тұмшапешті тағам пісірмес бұрын 3 минут адын ала қыздырыңыз.

	Мөлшері		Гриль жасау		Пісіру уақыты [мин]	
TAҒAM TYPI	Саны	[г]	Сөренің орналасуы	Темп. [°C]	1-ші жағы	2-ші жағы
Қоң ет стейктері	4	800	4	макс.	12 - 15	12 - 14
Сиыр етінің стейктері	4	600	4	макс.	10 - 12	6 - 8
Шұжық	8	-	4	макс.	12 - 15	10 - 12
Туралған шошқа еті	4	600	4	макс.	12 - 16	12 - 14
Тауық (2-ге бөлінген)	2	1000	4	макс.	30 - 35	25 - 30
Кәуап	4	-	4	макс.	10 - 15	10 - 12
Тауықтың төс еті	4	400	4	макс.	12 - 15	12 - 14
Гамбургер	6	600	4	макс.	20 - 30	-
Балықтың қоң еті	4	400	4	макс.	12 - 14	10 - 12
Тост сэндвичтері	4 - 6	-	4	макс.	5 - 7	-
Қыздырылған нан	4 - 6	-	4	макс.	2 - 4	2 - 3

9.7 Турбо гриль

Сиыр еті

TAҒAM TYPI	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Қуырылған сиыр еті немесе қоң ет, шала пісірілген	әрбір см қалыңдығы үшін	1 немесе 2	190 - 200 1)	5 - 6
Қуырылған сиыр еті немесе қоң ет, орташа пісірілген	әрбір см қалыңдығы үшін	1 немесе 2	180 - 190 1)	6 - 8
Қуырылған сиыр еті немесе қоң ет, әбден пісірілген	әрбір см қалыңдығы үшін	1 немесе 2	170 - 180 1)	8 - 10

1) Тұмшапешті алдын ала қыздырыңыз.

Шошқа еті

TAҒAM TYPI	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Қол омыртқа, мойын омыртқа, сан еті	1 - 1,5 кг	1 немесе 2	160 - 180	90 - 120

ТАҒАМ ТҮРІ	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Жаншылған ет, қабырға	1 - 1,5 кг	1 немесе 2	170 - 180	60 - 90
Қабаттама ет	750 г - 1 кг	1 немесе 2	160 - 170	50 - 60
Шошқа сирағы (алдын ала пісірілген)	750 г - 1 кг	1 немесе 2	150 - 170	90 - 120

Бұзау еті

ТАҒАМ ТҮРІ	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Қуырылған бұзау еті	1 кг	1 немесе 2	160 - 180	90 - 120
Бұзау сирағы	1,5 - 2 кг	1 немесе 2	160 - 180	120 - 150

Қой еті

ТАҒАМ ТҮРІ	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Қойдың сирағы, қуырылған қой еті	1 - 1,5 кг	1 немесе 2	150 - 170	100 - 120
Қозы белдемесі	1 - 1,5 кг	1 немесе 2	160 - 180	40 - 60

Құс еті

ТАҒАМ ТҮРІ	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Құстың кесек еті	әрқайсысы 200 - 250 г	1 немесе 2	200 - 220	30 - 50
Тауықтың жарты еті	әрқайсысы 400 - 500 г	1 немесе 2	190 - 210	35 - 50
Тауық еті, пулярка	1 - 1,5 кг	1 немесе 2	190 - 210	50 - 70
Үйрек еті	1,5 - 2 кг	1 немесе 2	180 - 200	80 - 100
Қаз еті	3,5 - 5 кг	1 немесе 2	160 - 180	120 - 180
Күркетауық еті	2,5 - 3,5 кг	1 немесе 2	160 - 180	120 - 150
Күркетауық еті	4 - 6 кг	1 немесе 2	140 - 160	150 - 240

Балық (буға пісірілген)

ТАҒАМ ТҮРІ	Мөлшері	Сөренің орналасуы	Температура [°C]	Уақыт [мин]
Тұтас балық еті	1 - 1,5 кг	1 немесе 2	210 - 220	40 - 60

9.8 Жібіту

ТАҒАМ ТҮРІ	[г]	Жібіту уақыты [мин]	Қосымша жібіту уақыты [мин]	Ескерімдер
Тауық еті	1000	100 - 140	20 - 30	Тауықты үлкен табақтың үстіне төңкеріліп қойылған табақшаға қойыңыз. Орта тұсында аударыңыз.
Ет	1000	100 - 140	20 - 30	Орта тұсында аударыңыз.
Ет	500	90 - 120	20 - 30	Орта тұсында аударыңыз.
Бақтақ	150	25 - 35	10 - 15	-
Құлпынай	300	30 - 40	10 - 20	-
Сары май	250	30 - 40	10 - 15	-
Қаймақ	2 x 200	80 - 100	10 - 15	Кілегейдің кейбір жерлері сәл тоңазыса да шайқауға болады.
Печеньелер	1400	60	60	-

9.9 Консерв жасау

Жидек

КОНСЕРВЛЕУ	Температура [°C]	Қайнай бастағанға дейінгі уақыт [мин]	100 °C градуста пісіруді жалғастыру [мин]
Құлпынай, қаражидек, таңқурай, піскен тошала	160 – 170	35 – 45	–

Сүйекті жеміс

КОНСЕРВЛЕУ	Температура [°C]	Қайнай бастағанға дейінгі уақыт [мин]	100 °C градуста пісіруді жалғастыру [мин]
Алмұрт, айва, қара өрік	160 – 170	35 – 45	10 – 15

Көкөністер

КОНСЕРВЛЕУ	Температура [°C]	Қайнай бастағанға дейінгі уақыт [мин]	100 °C градуста пісіруді жалғастыру [мин]
Сәбіз 1)	160 – 170	50 – 60	5 – 10
Қияр	160 – 170	50 – 60	–

КОНСЕРВЛЕУ	Температура [°C]	Қайнай бастағанға дейінгі уақыт [мин]	100 °C градуста пісіруді жалғастыру [мин]
Тұздалған көкөніс қоспасы	160 – 170	50 – 60	5 – 10
Кольраби, бұршақ, спаржа	160 – 170	50 – 60	15 – 20

1) Құрылғыны сөндіргеннен кейін, консервлерді тұмшапештің ішінде қалдырыңыз.

9.10 Кептіру - Желдеткіш арқылы пісіру

Тұмшапештің сөрелерін ас қағазымен жабыңыз.

КӨКӨНІСТЕР

ТАҒАМНЫҢ ТҮРІ	Сөренің орналасуы		Температура [°C]	Уақыт [сағ]
	1 деңгей	2 деңгей		
Бұршақ	3	1/4	60 - 70	6 - 8
Бұрыш	3	1/4	60 - 70	5 - 6
Сорпаға арналған көкөністер	3	1/4	60 - 70	5 - 6
Саңырауқұлақ	3	1/4	50 - 60	6 - 8
Шөптер	3	1/4	40 - 50	2 - 3

ЖЕМІС

ТАҒАМНЫҢ ТҮРІ	Сөренің орналасуы		Температура [°C]	Уақыт [сағ]
	1 деңгей	2 деңгей		
Қара өрік	3	1/4	60 - 70	8 - 10
Сары өрік	3	1/4	60 - 70	8 - 10
Алма тілімдері	3	1/4	60 - 70	6 - 8
Алмұрт	3	1/4	60 - 70	6 - 9

9.11 Ыстық желдеткішпен пісіру + Бу

ТОРТТАР ЖӘНЕ КОНДИТЕР ӨНІМДЕРІ

